«№19 Қ.Сәтпаев атындағы мектеп–гимназия»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бұйрық Н-№99

Атырау қаласы «08» қыркүйек 2022 жыл

**«Мектепке жол» акциясы мен**
**материалдық көмектер**
**ұйымдастыру туралы**

Мектепшілік қамқоршылық кеңесі мүшелерінің 2022 жылғы 07 – қыркүйегіндегі хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Қамқоршылық кеңестің мектеп бойынша материалдық көмекті қажет ететін жетім, жартылай жетім, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25-қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес қажетті құжаттар негізінде анықталған тізім бекітілсін.

2.Мектеп есеп шотының №163 ерекшелік бойынша 3851067 (үш миллион сегіз жүз елу бір мың алпыс жеті) көлеміндегі қаржы әр балаға (103 бала) 37389 (отыз жеті мың үш жүз сексен тоғыз) теңге көлемінде есептеліп, бекітілген тізім бойынша жеке банкілік счеттарына аударылым жасалсын.

3. «Мектепке жол» акциясы аясында шараларды ұйымдастыру тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Рысқалиева мен әлеуметтік педагог Ш.Сыналбековаға тапсырылсын.

4. Әр балаға аударылған қаржының жұмсалуы туралы дәлелді құжаттарды (чек) ата-аналардан жинақтау мектептің әлеуметтік педагогы Ш.Сыналбековаға тапсырылсын.

5. Бөлінген қаржының заңдылыққа сәйкес есептеліп, уақытылы аударылуын қамтамасыз ету мектептің бас есепшісі Г.Есмағамбетоваға жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалауды тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Рысқалиеваға жүктелсін.

**Мектеп-гимназия директоры:** **Б.Б.Ғапуова**

АНЫҚТАМА ҮШІН

Көшірмесі дұрыс